

## МАҚТЫМҚҰЛЫ ПЫРАҒИ - ТҮРКІ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

*Жоламан Таубайұлы Қобланов,  
Ш.Есенов атындағы Каспий  
технологиялар және инжиниринг  
университеті, «Қазақ филологиясы»  
кафедрасының професоры, Қазақстан  
Республикасы, Ақтау қ. (Қазақстан)*

Мақтымқұлы Пырағи – түрікмен классикалық әдебиетінің негізін қалаушы, тамаша лирик ақын, қайраткер. Мақтымқұлы жырларының ең өзекті тақырыбы – адамгершілік, гуманистік, тәуелсіздік идеялары.

Мақтымқұлы өз жырларында түрікмен халқын бірлікке, ынтымақ пен татулыққа, түрлі ру-тайпалар арасындағы алауыздықты жоюға шақырды. Ең маңыздысы – халқын сырт ел басқыншыларына қарсы қарулы күреске үндейді. Бұған оның «Керекті», «Ер», «Бақыт құсы» сияқты өлеңдері мысал бола алады.

Мақтымқұлының өмірі түрікмен халқының екі жақты қанауға ұшыраған кезеңіне сай келеді. Елінің аяусыз шапқыншылыққа ұшырауы, қарсы ұйымдастырылған күрестердің сәтсіздікпен аяқталуы, халық тұрмысының нашарлауы отаншыл ақынның шығармашылығына да өз әсерін тигізді. Мұны ақынның көптеген өлеңдерінен анық байқаймыз.

Мақтымқұлыдан қалған әдеби мұра мол. Ақын мұрасының көлемі 16-18 мың жол шамасында. Мақтымқұлы өлеңдерін көбіне өз атымен, кейде «Пырағи» деген лақап атпен жазған.

Мақтымқұлы жырлары – халық даналығынан, ауыз әдебиетінен нәр алған жаңа үлгідегі поэзия. Данышпан ақын араб-парсы поэзиясы үлгісін (аруз өлең өлшемін) қабылдамады, өз шығармашылығында халық өлеңінің өлшемін кең пайдаланды. Өлеңдерін халықтық тілмен жазды. Мақтымқұлы Пырағи шығармалары халық арасына кең тараған. XVIII ғасырда оның бірсыпыра өлеңдерін ең алғаш Ф.Шопенинг пен А.Ходза (1842), Г.Вомберн (1863) Батыс Еуропада жариялады.

Мақтымқұлы Пырағи – елін, халқын шексіз сүйген, оның болашағына үлкен үмітпен қараған ақын. Барлық тіршілігім, өмірім еліммен, халқыммен бірге деген ұғымды берік ұстанған. Осындай рухта жазылған «Жасымыз», «Еліммен», «Санар» деген өлеңдері оның асқақ отаншылдық сезімін паш етеді. Ақынның бірігіп дұшпанға қарсы күресу идеясы «Бақыт құсы» деген өлеңінде айқын көрінеді.

Ол елін тәуелсіздікке, азаттыққа жеткізетін, халқына жанашыр болатын батырларды армандайды, жастарды ерлікке, елдікке шақырады. Елі үшін жанын қиятын ерлерді дәріптеп, мадақтайды, өмірде шындалған ер жүрек батырлардың бейнесін сомдайды.

Ақын өз өлеңдерінде әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдағы әділетсіздікті де сынға алады. «Әдебиетте ең шешуші нәрсе кімнің не айтқандығында емес, қалай айтқандығында. Осы идея оның бүкіл терең мазмұнды творчествосының желісінен өтеді»[1, 48], — деп шығыстанушы ғалым Е.Э. Бертельс айтқандай, Мақтымқұлы да өздің сыртқы формасына емес, ішкі мазмұнына мән береді. Сол дәуірдегі ел ішіндегі әлеуметтік ауыртпалықтарға ем іздеуші қайраткер болды. Шыншыл, сыншыл ақын өз ортасындағы зұлымдықтарға, озбырлықтарға ымырасыз қарсы шықты. Шығармаларында әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдағы әділетсіздікті сынға алды.

Ақын халықтың бірлігіне, елдің күш-қуатына сенді. Мұны оның «Менімен», «Көздер», «Жар керек» сияқты өлеңдерінен көруімізге болады. Бірқатар жырларында ол «ер тірегі – ел» деген пікірлерді айтады. Мысалы «Түрікмен тағдыры» өлеңінде:

Жұрт жиналса бір дастарқан басына,  
Бағы жанып, тасар нұры түрікменнің.  
Қуанасың олар атқа қонғанда,  
Кездесе егер – қопарылар қорған да.  
Дарияның суы балдай болғанда,  
Өткел бермес тасқын үні түрікменнің [2,136].

Туған жерді, ел-жұртты сүю керек, сол үшін қызмет ету керек. Адам өмірінің мағынасы міне осында дейді. Мақтымқұлының жастарға айтатын ақылы да отаншылдық сарында болып келеді.

Ерлер өлер ел үшін,  
Жанын қияр көп үшін.  
Ер жігітке ол үшін.  
Намыс керек, ар керек.

Мақтымқұлы әділетсіздікке қарсы алысып, поэзиясын хандарға, бектерге қарсы қару етіп жұмсаған күрескер ақын. «Қалмады», «Бастады», «Бар шығар», «Келмес пе» сияқты өлеңдерінен осыны аңғарамыз. «Би мен бегі жегіш, жемқор» озбыр зұлымдықты шеней отырып, ақыры бір жақсылық келер деп үміттенеді.

Әлдінің әлсізге, күштінің нашарларға озбырлық жасап, тізесін батырып жатқанын көрген ақын өткір қаламын озбырларға қарай бағыттайды. «Қайда барсаң халық үстінде қолың сор» дей отырып:

Енді білдім замананың азғанын,  
Жақсылардан жаман қаша бастады.  
Қадірі жоқ ендігі асылзаданың,  
Арланбаған төрге шыға бастады.  
Залымдардың жұртқа сырты қабарып,

Қамшысынан қаны тама бастады,- деп зорлық-зомбылық дүниесінің өкілдерін суреттейді. Ақын қазы, молдаларды да өлтіре сынап, халық алдында аяусыз әшкерелейді. Олар халықты дін жолымен алдап отырған қан сорушылар екенін айтады:

Молдалардың ілімменен ісі жоқ,  
Бір-бірімен айтысады кісінеп,  
Пиғыл жаман, түсінетін кісі жоқ -  
Ақырзаман қалмады ма жақындап?  
Мүфтиге ел пітір, зекет төлейді,  
Ала-ала құлқындары кеңейді.  
Пейіл кетті, ауру-сырқат көбейді –  
Ақырзаман қалмады ма жақындап?  
Немесе, қазыларды былайша әшкерелеп сынайды:  
Қазы деген бір жауапта тұрған жоқ,  
Еңбек етіп, кітап оқып көрген жоқ.  
Шариғаттың жолында әрі жүрген жоқ,  
Дүние үшін ардан кете бастады [2,138].

«Байқа», «Таппаса», «Тең емес» өлеңдерінде қайсар ақын езілген еңбекшілердің жанашыр жыршысы есебінде көрінеді:

Қожалар жүр артықтығын елге үндеп,  
Арғы атамыз Қиям Асамеддин деп,  
Артық туған қалайша енді жөн жүрмек-  
Ақырзаман қалмады ма жақындап?  
Төрағасы дөкірленіп барады,  
Көзді жұмып, алады да параны,  
Бет бақтырмай аппақ дейді қараны -  
Ақырзаман қалмады ма жақындап?

Мақтымқұлының назары өз тұсындағы осындай кемтарларға, жоқшылық, мұқтаждық көргендерге түседі. Әлеуметтік теңсіздік жайларын ақын осылайша ашып көрсетеді.

Күрескер ақын «кедейшілік құлдық емес адамға, қожалар бар құлға құны тең емес» деп, еңсесін көтере үн қатады да, адамды адам ететін еңбек пен ғылым, білім деп қорытындылайды:

Білімдінің көкірегі болар кең,  
Алла оның ақыл, көркін еткен тең.  
Тоқсан дария толқып асса кемерден  
Жағалары жайдақ тарту жараспас.  
Әрбір сөздің салмағы ауыр білгенге  
Дауа іздеу – есуастық өлгенге  
Құзғын, қашыр, қыр құланы, пілдерге  
Жеті жүз жыл жасамауы жараспас [2,140].

Ақын білімнің, кітаптың пайдасы туралы сөз қылғанда, «онда қилы жан азығы жазу бар» дейді. Надандық жайлаған қалың елге ондай кітаптың маңызы күңгірт, әттең, соның көзін ашар кісі болса ... деп армандайды.

Көңілім ынтық дүние жүзін кезуге,  
Қанатым жоқ, ұша алмаймын, қайтейін.  
Бар кітапты оқыр едім кезінде,  
Мағынасын ұға алмаймын, қайтейін.  
Онда қилы жан азығы жазу бар,  
Маған аян, көпке күңгірт маңыз бар [2,142].

Мақтымқұлының жақсылық, жамандық, ізгілік, жігіттік дәурен жайлы өлеңдеріндегі басым сарын - ерлікті мадақтау, ел қорғаны ерлерді ардақтау («Керек-ті» «Ер», «Ат керек», «Болмаса» т.б.). Мысалы мынадай:

Аттаныста жігітке  
Арындаған ат керек.  
Досқа деген құрметке  
Жақсы махаббат керек.  
Ерлік керек төзбекке,  
Жүйрік керек озбаққа.  
Жомарт жігіт болмаққа,  
Ашық көңіл зат керек... [3,57].

Мақтымқұлы жинағында «Айрылдым», «Сен сұлу» сияқты, жүрек түпкірінен қайнап шыққан, нәзік сезім күйін білдіретін әдемі, сыршыл өлеңдер де бар.

Күн қанжары көк бұлтты тілгендей –  
Жаңа иіліп туған айым сен сұлу.  
Жағпар тонын жалтылдатып кигендей,  
Аспаһанның ақ семсері сен сұлу.  
Шашбауыңның сылдыраған үзбесі,  
Қолға тимей құриды адам діңкесі,  
Лебің зәмзәм — Әбілхаят дәрісі,  
Тас бұлақтай сылдыраған сен сұлу [4,84].

Мақтымқұлы шығармаларын ақын Ғали Орманов 1947 жылы қазақ тіліне аударды. Кейін кейбір өлеңдерін Ғафу Қайырбеков те қазақ тіліне аударған болатын.

Сонымен қорыта айтқанымызда Мақтымқұлы поэзиясы түрікмен халқының ХХІ ғасырға дейінгі әдебиетінің озық үлгісі болып саналады. Ол түрікмен әдебиетіне өзіндік жаңалықтар алып келген ұлы ақын.

Түрікменнің ХІХ ғасырдағы атақты ақындары Молла Непес, Кемине, отаншылдық жырлар жазған Зелили мен Сеидидің поэзиясына да Мақтымқұлы поэзиясының ерекше әсері болды. Оларға ақын заман шындығын бейнелеудің жарқын үлгісін көрсетті.

Мақтымқұлы поэзиясының мол зерттелген кезеңі – ХХ ғасыр. Бұрын түрікмен халқының өз арасында да ауызекі ғана тарап келген өлеңдері бүгінгі таңда бүкіл дүние жүзі елдерінің тілдеріне аударылып, данышпан ақынның аты әлемге әйгілі болып отыр.

Мақтымқұлының туындылары әлем әдебиетінің қазынасына қосылған асыл мұра. Ақын шығармаларында өмірдің өзекті мәселелеріне жауаптар айтылады. Ол байлық пен кедейлік, ерлік пен ездік, сақилық пен сараңдық, білімділік пен надандық, әдептілік пен тәлімсіздік, әділдік пен арамдық парқы туралы ғибратты ойлар айтады. Ойшыл, кемеңгер, философ ақынның биік парасатын әрбір өлеңінен аңғарамыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Бертельс Е.Э. Навои, опыт творческой биографии, Москва, 1948, с. 120.
2. Қобланов Ж.Т., Қарасаева Х.О. Шығыс әдебиетінің тарихы. Астана, «Фолиант», 2001, -152 б.
3. Мақтымқұлы. Таңдамалы өлеңдер. Алматы, ҚМКӘБ, 1959.
4. Сейітов С. Қазақ- түркімен әдебиетінің байланысы. Алматы, 2010,-183 б.